



Автор: ЖАНДИЛДАЕВА ЖУМАГУЛ ТУЛЕНБАЕВНА

Пән: Жаратылыстану

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Адамның тіршілік әрекетінің үдерістері



Тақырып: Уақытты анықтау не үшін қажет?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	<ul style="list-style-type: none">• Барлық оқушылар: уақыттың маңызын түсінеді;• Оқушылардың басым бөлігі: уақытты өлшеу құралдарын анықтайды; Кейбір оқушылар: көрсетілген тәжірибені түсіндіреді.
Сабақтың мақсаты:	1.1.1.1 қоршаған әлем құбылыстары, үдерістері мен нысандарын зерттеудің қажеттілігін түсіндіру 1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; 1.1.2.2 көрсетілген экспериментті түсіндіру
Тілдік мақсаттар:	
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар: уақытты үнемдеудің қаншалықты маңызды екенін түсінеді; уақытты анықтайтын құралдар мен әдістерді атап, олардың ішіндегі ең дәл көрсететінін анық- тайды; қанша уақыт кеткенін анықтайды.
Бағалау критерийлері:	
Құндылықтарды дарыту:	құмсағат, механикалық және электронды сағат; күнсағаттың фотосуреті; табуға мүмкіндік болса, Е. Шварцтың “Жоғалған уақыт туралы ертегі” кітабы; ұзындық өлшегіш таспа.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Ай мектеп.Интернет-ресурстар: әйгілі сағаттар туралы сайт, мысалы, http://old-clock.kz/o-chasax/samye-izvestnye-chasy-v-mire/ .
Пәнаралық байланыс:	Математика.дүниетану.көркем еңбек
Бастапқы білім:	Уақыттың маңызын түсіне білу

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Оқушылардың көңіл-күйін сұрау.бақылау Психологиялық ақуал 1)Күлімдеп күн бүгін, Қимыл іс-әрекет арқылы Қарады маған да орындау Көлімдеп күн бүгін Қарады сағанда...Канекей көктемнің алғашқы күнін күлімдеп қарсы алайық....))) Ой-шақыру: Жұмбақ шешу. Белсенділіктерін бақылау Сыртылдайды күнімен мадақтау. Сыртылдайды түнімен Білгің келсе уақытты Көрсетеді тілімен. Сағат Сұрақ-жауап:	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<p>Сабақтың ортасы (27минут)</p>	<p>Оқулықпен жұмыс 60-61 бет Саяхат. Негеш пен Эврика саяхатқа шығуға жиналды деп жатыр. Оқушылардың қайсысы саяхаттап- көргенін сұралады. Саяхаттан алған әсер- лерін сипаттайды. Басқа елдерге саяхаттап баруға, қонақүйлерге, қонақжайларға тоқтауға болады деп айтады.. Сонымен қатар табиғатқа шығуға, орманға баруға, шатырларда демалуға болады. Оқулықтағы суретке назар аударайық. — Негеш пен Эврика қалай демалмақшы ? (Жолдорбаларын алып, табиғат аясында белсенді серуендеуге барады.) — Сапаржайдағы карта мен жазуға қараңдар. Біздің кейіпкерлеріміз қай жерден қайда барады? (Астанадан Бурабайға.) Оқушыларға Қазақстанның інжу-марж—аны болып табылатын осы өлке туралы айтып берулерін ұсынылады, — Балалар бірден Бурабайға жете ала ма? Неге? — Олар қандай көлікпен жетеді? — Ол қанша уақыт алады? — Сендерге кейде уақыт “жүйрік” болып көріне ме? — Ал кейде өте баяу жылжитындай болып көрінді ме? Қандай жағдайда? Айтып беріңдер Гүлдің өсуіне қанша уақыт қажет? Суреттергеназар аудартыңыз. Сұраңыз: “Бірінші суретте не бейнеленген? (Тұқым.) Екіншіде? (Өскін.) Өскін қайдан пайда болды? (Тұқымнан.) Үшінші суретте не бейнеленген? (Өсімдік гүл жарды.) Сендер қалай ойлайсыңдар, бірінші сурет пен үшінші сурет арасында қанша уақыт өтті? (Бір айға жуық.) Уақытты тоқтатып қоюға бола ма? (Жоқ.) “Егер уақыт тоқтап қалса, онда...” — деп, қиялдауды ұсыныңыз. Уақыт көзге көрінбейді, қолға ұсталмайды деп қорытынды жасап, жинақтаңыз. Ол өткен шақтан болашаққа қарай жылжиды. Барлық өзгерістер уақыт аралығында болады. Кеш — ерте. Оқушыларға суреттерді қараудытапсырыңыз. Сұраңыз: “Ағаш бас кезінде қандай болды? Содан кейін қандай болды? Ол бірден үлкен болып өсті ме? Қалай өсті?” Оқушылар суреттерді дұрыс ретімен орналастырып, нөмірлеп, бояйды. 1. Сағаттың тіліндей иіліп оңға бір Қимылмен орындау Сағаттың тіліндей иіліп солға бір Жаттығу оң аяқ Жаттығу сол аяқ 2,Көңіл-күй жаттығуы Қимылмен орындайды. Сағаттың түрлері. Осы тапсырманы орындайотырып, оқушылардан сұраңыз: — Сендер сағат дегеннің не екенін білесіңдер ме? — Оларды қай жерден көруге болады? (Сапаржайда, мектепте, емханада, үйде, мұражайда және т.б.) — Сағаттар қандай болады? Ойлан! Оқушыларға мәселелік сұрақ қойыңыз: “Сағаттың неше болғанын білу бізге не үшін керек? ” Оқушылардың ойларын тыңдау. Балалар кенеттен, бір мезетте барлық сағаттар жоқ болып кетсе немесе жұмыс істемей қалса, не болатынын көз алдарына елестетіңізші. (Ұшқыштар, жүргізушілер және т.б. сағат нешеде жолға шығу керектігін білмес еді. Апат көп болушы еді. Адамдар жұмысқа кешігетін еді және т.б.) Зерттейік. Бірінші топ құмсағатты, екінші топ — механикалық, үшінші топ — электрондық сағатты алады. Оқушылардың арасынан осы арақашықтықты кезекпен жүгіріп өтетін үш оқушыны таңдалады. Әрбір жүгіру кезінде топтағы басқа оқушылар уақытты белгілеп, жазып тұрады. Содан кейін оқушылар сағаттарын алмастырып, тәжірибені қайталай алады. Тәжірибе аяқталғаннан кейін “Осы уақытты құмсағаттың көмегімен өлшеуге бола ма?” Оқушылардан қай сағат бәрінен де нақты бол- ғанын сұралады. Оқушылар “Құмсағатта циферблат жоқ, сондық- тан дәл уақытты анықтау қиын. Механикалық және электрондық сағаттардың көмегімен дәл уақытты анықтауға болады, алайда электрондық сағат ың- ғайлы” деген қорытынды жасай алады. Уақыт қозғалысы. 61 бет — Жағдайлардың әрқайсысында қанша уақыт өтті? Неге? — Сәби бір минуттан кейін оқушы болуы мүмкін бе? — Бала төсектен бір жылдан кейін тұруы мүмкін бе? Оқушылар әр әрекет үшін белгілі бір уақыт ара- лығы қажет екенін түсіне алады.</p>	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	<p data-bbox="312 159 679 185">Image not found or type unknown</p>  <p data-bbox="312 851 1126 1061"> Циферблатты кесіп алып, оны әсемдеп, сандарды жазулары керек. Сағат тілін бөлек қиып алып, оны ортасына сымтемірден жасалған білік арқылы бекітеді. Әр топқа сағат таратып беріп үш топқа үш уақытты белгілеуді тапсыру . 2. Суреттен сағат түрлерін анықтап тауып, белгілеңіз. Оларды атаңыз. Дескриптор: Білім алушы - уақытты өлшеу құралдарын ажыратады айтады </p> <p data-bbox="312 1039 679 1066">Image not found or type unknown</p>	
Рефлексия	 <p data-bbox="549 1115 1145 1142">Image not found or type unknown Image not found or type unknown Image not found or type unknown Image not found or type unknown</p>	